

"**Сіңілі**" атауы «Күлтегін жазуында» осы қалпы кездеседі: *«bars beg erti. Qagan at bunda biz birtimiz. Sinilim quin-cuju birtimiz. Ozi janyldy, qagany olti* - Барыс [олпаға] бек болды. Қаған атағын бұнда біз бердік. Сіңілім - хан қызын бердік. Өзі жаңылды. Қағаны өлді» [3,187б.]. Біз бұдан тілдің генетикалық төркінін өзгеріссіз, табиғи жеткенін аңғарамыз. Қашқари заманынан бес ғасыр бұрынғы бұндай тілдік атау тілдің төркіндік, тектік қатынасын анық дәлелдейді. **Келін** атауы – «*кәлін*» түрінде қолданылады. «*Кіләнчукеліндә - Құпияның барлығы келінде немесе Келіннің барлығы құпия*». Өйткені, жас келін жақсысының барлығын күйеуіне сақтайды, - деп нәсихаттайды бұл мақал. *Йуфшліг кәлін кузәг яфаиш болур - жасауы мол келіннің күйеуі жуас болар*» [1,60б.]. Атаудағы мағыналық ерекшеліктер отбасылық, қауымдық қарым-қатынас негіздерін байырғыдай білдіреді.

Түркілердің туыстық атауында ерекшеленетін үлкен өзгешелік тек Қазақта ғана қатаң, толық сақталып келген рулық жүйе. Жеті аталық қатынас. Бұл туыстық қатынаста түркілерден өзгеріссіз еншілеген қазақтың бірден-бір айрықша қасиеті. Осы жеті аталық туыстық қатынасқа байланысты қаншама атаулар, тіпті әр түрде, әр түрлі вариантта қолданысқа енген. «Жеті ата — қазақ халқының дәстүрлі салт-санасындағы адамның ата жағынан тегі таратылуының нақтылы жүйесі. Ататек атаулары: ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене. Бұдан әрі туыстық атаулар: жүрежат, туажат, жұрағат, жат жұрағат, жегжат, жамағайын болып жалғаса береді. Соңғы түйіндеуші буын, әдетте, ру есіміне тіреледі» [Уикипедия]. Қазақтың рулық жүйесі туыстық қатынастың күрделі, жақындығын білдіреді. Бір ғана ауызша шежіре арқылы тұтас ата тегін ғасырлар бойы жадқа сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп, отыру. Түптеп келгенде, далалық, көшпенділік тұрмыстың қажеттілігінен туғандай көрінеді. Үздіксіз төрт мезгіл қуалап, жұрт жаңғырту көшпелілерге қалайда өзгеше мәдени үрдістер қалыптастыруға мәжбүр етті. Ұлттық этнографияның білгірі ғалым А. Сейдімбектің «Қазақтың ауызша тарихы» атты еңбегінде рулық жүйенің қыр-сыры тереңдетіле талданған. Осыған орай ұлттық тіл мен мәдениеттің қалыптасуына дейінгі тұтас түркілерге ортақ туыстық атаулардың түпкі сипаты мен лингвистикалық құрылымы, мағыналық мәні үлкен зерттеуді қажет етеді деп білеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қашқари Махмуд: «Түркі тілінің сөздігі»(Диуани луғат ит-турк) - Алматы, «Ана тілі», 1993.- 192бет.
2. Сүлейменов.О «Таңбалар тілі» - Алматы, «Олжас кітапханасы», 2014.
3. Жолдасбеков М, Сартқожаұлы Қ. «Орхон ескерткіштерінің толық атласы». - Астана: Күлтегін, 2007. - 360б.
4. «Синонимдер сөздігі» - Алматы, 2001ж.
5. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. / от. ред. Тенишев Э.Р. – М.: Наука, 1997.– 506с.
6. Келімбетов Н., Қанафин Ә. «Түркі халықтары әдебиеті» - Алматы, «Рауан», 1996, 256 бет.

УДК 81.81-13

ОРТА ҒАСЫР ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ МЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ОРТАҚ ТӨРТ ТҮЛІК ҚАЗЫНАСЫ

Сұлтан Айдана Ардакқызы

aydanasultana@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУхалықаралық қатынастар факультеті, түркітану мамандығының
2 курс магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – М.М. Қосыбаев

Қазақ халқында “*Төрт түліктің*” *анықтамасы*- түйе, жылқы, қой, сиыр малын қосып төрт түлік деп атайды. Түйе мен жылқы, қой мен сиыр, Төрт түлік малды құрадың. Байбөрі

деген бар екен, Байбөрі малға бай екен, Төрт түлігі сай екен, Бір перзентке зар екен деген мысалдар беріледі. *Төрт түлігі сай болды*: Малға байыды. (Төрт түлік малы бар), Ерте заманда Ерназар деген кісі болыпты, Ерназардың өзі бай болыпты. Төрт түлік малы сай болыпты. Жасына байдың малын бағып, ішер ас, киер киімге жарымаған Бекеннің қазір төрт түлігі сай деген [1, 283 б.].

Төрт түлікті жеке-жеке атағанда түйе малы, жылқы малы, қой малы, сиыр малы дейді. Әрі бұлардың сақтаушы иесі бар деп ұғынып, оларды ойсыл қара, қамбар ата, жылқышы ата, шопан ата, шекшек ата, зеңгі баба деп атаған. Ал бұлардың бәрін қосып аяқты мал деп атайды. Аяқты малға есеп жоқ, Айдалып барып жайылар. Төрт түлікті кейде жұп тұяқ, тақ деп те атайды. Төрт түлік малды оның «иесі», «киесі» бар деп нанып, оларға жалбарынатын, киелі ақ нар, киелі ақ боз айғар, киелі көк қошқар, киелі көк бұқа деп ат қою салты болған. Малымның құты деп, еркек малдан белгілі бір айғырды, бура немесе лекті, қошқарды қастерлеген де салт болған [1, 283 б.].

Зерттеуіміздің бастауы болып түркі қоғамының қозғаушы күші, байлық белгісі, байлықтың өлшем таразысы, сұлулықтың символы болып табылатын **жылқының** ескерткіштер тіліндегі және қазақ тіліндегі сипатын анықтауға тырысамыз. М. Қашқаридың еңбегінде жануарларға қатысты көптеген сөздер мен терминдер қарастырылған. Қарастырып отырған еңбектерде XI ғасырдағы түріктердің “жануар” термині үшін «*Yulki*» сөзін қолданған. Қашқаридың сөздігінде «төрт аяқты жануарларға берілген жалпы атау» деп беріледі [2, 34 б.].

Сөздікте бұл сөз «жануар» деп аударылатын көптеген мысалдар бар. Бұл термин физикалық сипаттамасы бар немесе белгілі бір мінез-құлқы бар жануарларға қатысты қолданылған. Мысалы: **Öküş Yulki**: “Kalp hayvan, harın at” [2, 62 б.], **Erik Yulki**: “Yorgahayvan” [2, 72 б.], **Toқ Yulki**: “Boynuzsuz hayvan” [2, 332 б.], **Tülek Yulki**: “Tüleyen, kış tüyünü döken hayvan” [2, 412 б.], **Başlağ Yulki**: “Bırakılmış hayvan” [2, 461 б.], **Başğil Yulki**: “Başı beyaz, dört ayaklı hayvan” [2, 481 б.], **Tarğil Yulki**: “Sirtında akli, karalı çizgiler bulunan alacalı her hayvan; bu sıfat, attan başka her hayvanı vasıflar” [2, 482 б.], **Kög Yulki**: “Başıboş yauılan hayvan” [2, 131 б.] ve **Tuyağliğ Yulki**: “Tırnaklı hayvan” [2, 178 б.] секілді.

At, Yund, Yulki/ Am, Жылқы ескерткіш тілінде түрік жұртының тұрмысында ғасырлар бойы мінсе - көлігі, кесе – киімі, ішсе – сусыны болған қасиетті жылқы малы аталған лексемалары арқылы көрініс тапқан. *At* сөзі көне түркі ескерткіштер тілінде кездесетінін ескерсек «Диуани лұғат-ит-түрік» тілінде де *bu atanda uég* «бұл ат одан жақсы», *ol maңa atbağışladı* «ол маған ат бағыштады» [2, 449б.] түрлерінде семантикалық ешбір өзгеріске ұшарамай қолданылған. Қазақ түсінігінде аттың арғымақ ат (асыл тұқымды, сымбатты жылқы), белді ат (белі мықты, мініске төзімді ат), бәйге ат (бәйгеге қосатын жаратылған жүйрік ат), бәсіре ат (немере, шөберелеріне, нағашы, жиендеріне үлкен үйдің малынан бәсіре беру дәстүрінде жиеннің нағашыдан «жиен құрық» алу үшін жиендеп келгенде мал ішінен таңдап беретін аты), жарау ат (жол жүруге, жорыққа әбден жараған, бабына келген ат), жаукын ат (өте ірі, арынды ат), қазан ат (семіздігі сыртына көрінбейтін ірі жылқы) жасамыс ат (тоғыз-оннан асып қалған ат), мес ат (тез семіргіш, май жиғыш жуан қарын қара етті жылқы), тарлан ат (көптен келе жатқан мініс ат) т.б. түрлері бар [3, 274 б.].

Түркілік дүниетаным бойынша жылқы – ердің тербелген бесігі, батырдың ұшар қанаты, жігіттің сенімді серігі. Жылқының «жүзден жүйрік мыңнан тұлпар» болуы ең алдымен тегі мен табиғи ерекшеліктеріне байланысты. Жылдам шабатын, ұшқыр 342 жылқы «Диуани лұғат-ит-түрікте» *yügrük at, yügürgen at* түрлерінде кездеседі [2, 64, 77 б.]. Қазіргі түркі тілдерінде әр түрлі фонетикалық вариантта көрінеді. Мысалы, алт.қыр.т., хақ.т., құм.т., түрікм.т., аз.т., якут тілдерінде «**at**» лексемасы ешбір өзгеріске ұшырамай қолданылады. «Құтты білік» шығармасында жылқы малының жүз үш бәйітте “at” лексемасында қолданылса, ал «Диуани лұғат-ит-түрік» сөздігінде “at” лексемасы елу бір бәйітте қолданылған. Мысалы:

«Диуани лұғат-ит-түрікте»: “*anğduz bolsa at ölmес*” [4, 115 б.]

Қазақ тілінде: «Андыз болса ат өлмес» [5, 145 б.]

Андыз шөбі қолында болса, ат іш ауруынан өлмейді. Өйткені, ат ауырған жағдайда бұл өсімдік тамырын ұнтақтап, жаншып емге пайдаланады. (Ауырған аттың танауына иіскетсе, ат тұрып кетеді).

Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» атты еңбегінде мынажолдарда кездеседі.

«Құтты білікте»: “*yağıda yürekliğ seringü kerekyacağı at kemişse tiringü kerek*” [6, 263 б.]

Қазақ тілінде: «Жүрек керек, сабыр керек айқаста, Жау ат салса — күт, жиылып байқастап» [5, 229 б.] және т.б. бәйіттерде көптеп кездеседі.

Қазақ тілінде аттың мінез-құлқына байланысты көптеген тұрақты сөз тіркестері қолданылады. Мысалы: *Аттай желді*. Бірінші мағынасы: Ерінбейтін еңбекшіл кісі туралы айтылады. Бізде бұрын Мырқымбайдың арбасына мініп алып кеңесетін, Мырқымбаймен егін салатын... шаруа десе, қаламы аттай желетін Бейімбет бар еді. Екінші мағынасы: Тоқтаусыз шешен сөйлейтін, сөз қадір білетін адам жөнінде айтылады. *Ат ізін құрғатпады/ат терін суытпады*. Жиі-жиі келіп тұрады, көп зарықтырмай, қатынас жасайды деген мағыналарда қолданылады. *Ат ізін салмады*. Қатыспады, хабарласпады, хабарсыз кетті деген мағыналарда айтылады [1, 37 б.]. *Ат арыды, тон тозды*. Шаршап- шадықты, қалжырады, ұзақ жүрді мағынасында қолданылады. *Ат арылтты*. Әуреге түсті. Бір айғырмен үйірімен ықтап кетіп, соны іздеп, ат сабылтып келе жатқан бетім еді деген мысалдарды келтіруге болады. *Ат басына күн туды*. Қиыншылық шақ келді, сыналар мезгіл болды. Ат басына күн туса, Көксімдегі күй болар. Көңіл азып, тон тозса, берген көйлек кез болар деген [1, 34 б.].

Tewe, Tewey, Tive/Tүйе ескерткіштер тілдерінде мынадай формаларда кездеседі. Түйенің жалпы сипаттамасына келетін болсақ, ұзақ уақыт ештеңе жемей, су ішпей жүре алады. Тамағы мен суының қоры өркешіне жиналады. Өрттей ыстық күн қызуынан оны қалың терісі мен тығыз жүні сақтайды, ал қызған құмнан кеудесіндегі, аяғындағы ұйысқан жүндері қорған болады. Қыста тауға барып суық желден қорғанады. Табында еркегі көсем болады, оның қарауында әр жастағы төлдерімен інгені бірге жүреді. Інген жылына бір рет боталайды. Түйенің (Қоспак) атты жабайы түрі бар. Жабайы түйелер тек Моңғолия жерінің бунақты өсімдіктер ғана өсетін шөлді аймақтарында сақталған. Тікенді өсімдіктермен, сексеуілдің жас сабақтарымен, ал күз айларында көгалды алқаптағы қайыңның, қамыстың жапырағымен қоректенеді [7, 6 б.].

Қазіргі түркі тілдерінде әр түрлі фонетикалық вариантта көрінеді. Мысалы, ұйғ.т.- төгә, құм.т. - тјое, түрікм.т. - дюје, аз.т. –дәвә, тува.т. – теве. Тува, Түрік және чуваш тілінде теве/деве лексемалары ешқандай өзгеріссіз қазіргі таңда қолданылуда. Ш.А.

Бозқапанның зерттеуінде «түйе» атауы Құтты білік ескерткішінде **“Tive”** лексемасында 1 ғана бәйітте кездеседі. Ал, «Диуани лұғат-ит-түрк» сөздігінде М. Гүлдің зерттеуінде әр түрлі лексемаларда 14 бәйітте кездеседі. Мысалы: Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» атты еңбегінде мынажолдарда кездеседі.

«Құтты білікте»: “*burunduklug ol söz tive burnı teg barur kaçça yetse titir boynı teg*” [6, 37 б.]

Қазақ тілінде: «Сөз бұрындық* дерлік таққан түйеге,

Түйе ере берер бұйда, иеге» [8, 69 б.]

«Диуани лұғат-ит-түрікте»: “*ögür süriüg koy tewi yundı Yumurlayu erkenin sütin sagar*” [4, 389 б.]

Қазақ тілінде: «Оғыздар- түйе сирақтарының ұшын (басын) да» [9, 392 б.] сияқты мысалдарды келтіруге болады. Түйе туралы айта кетер болсақ, түйе еті сұраныста аса болмаса да, шұбат сұранысқа ие. Түйе еті өте пайдалы әрі дәмді. Түйе сүті пайдалы, емдік қасиеттері жоғары болып табылады. Төрт түліктің ішінде түйе малын байлық ретінде де, көлік ретінде де, азық ретінде де қастерлеген. Ұзақ сапар, қиын асу бел, барар бағыты бағдарсыз жолд төс табаны төрт елі, атан жүрер жер екен деп суреттесе, түйенің ауыр мінезін тыныштықтың, бейбіт тірлік қалпына балап, оның мінезінде көрініп қалар «жеңілдікті»

жамандыққа жорып, түйе ойнақтаса, жұт болады деп бағалаған, күштілікті+нар жолында жүк қалмас; атан жілік жігіт деп, сұлулықты- бота көзді боз жігіт, бота көз ару деп суреттеген [1, 283 б.].

Sıǵır, Sıǵır, Ingek/Cuыр ескерткіштер тілдерінде берілген лексемаларда кездеседі. Төрт түліктің бірі- сиыр малы жайлы да тілімізде жеке атаумен сөз тіркестері, мақал-мәтелдер де едәуір. Сиыр алсаң танып ал, танымасаң тарғыл ал; Сиыр сүтінде; сиыр алсақ танып ал, танымасаң тарғыл ал. Жаман сиыр өрешіл деп; құдай сүзеген сиырға берді деген; сиыр сипағанды білмейді деп; сиыр мінез- теріс, шадыр кісілер туралы. Сиыр бүйректеніп-ынтымақсыз, ақ болу туралы. Сүйізdeskен сиырдай- жанжал-егесті, өзара қастасу туралы айтылады [1, 285 б.]. Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» ескерткішінде сиыр малы 3 бәйітте және де “öd” формасында 2 бәйітте кездеседі, Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» жазба ескерткішінде 1 бәйітте **«Ingek»** түрінде кездеседі.

Қазіргі түркі тілдерінде әр түрлі фонетикалық вариантта көрінеді. Мысалы, ұйғ.т.-сііір, серә, қырғ.т.- уй, чув.т.- енэ, хак.т.- инэк, өзб.т.-инек, құм.т. - сиыр, түрік.т. - сығыр, саха.т. –ынах , тува.т. – инек. Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» атты еңбегінде мынажолдарда кездеседі.**«Құтты білікте»:** “*ya kuzda yoriglı kalın kör kutuz ya tüzde yoriglı ud ingek öküz*” [6, 534 б.].

Қазақ тілінде: «Қалың кодас жүр құзында әнеки Сиыр, өгіз жүр түзінде және де»[8, 491 б.].

«Диуани лұғат-ит-түрікте»: “*Alın tüpü yaşardı Urut otın yaşurdı Kölñiñ suwın küşerdi Sıǵır boka möñresür*” [4, 99 б.].

Қазақ тілінде: «Тау төбесі жасардыҚураған шөпті жасырдыКөлдің суы лық толдыСиыр бұқа мәңіреті» [9, 99 б.] сияқты мысалдарды келтіруге болады

Сиыр- осы түліктің жалпылық аты, әрі үш жастан асқанын да осылай атайды, көбіне сауынды сиыр деп те атай береді. Сиыр малын жасына қарай: Бұзау (бір жасқа дейінгі. Торпақ (бір жастан асқаны). Кей жерде тана деп тек ұрғашысын айтады. Оңтүстік жағында «тана» сөзі, «тай» сөзі еркек тай, ұрғашы іспетті келеді де, еркек тана, ұрғашы тана, тана бұқа түрінде айтыла береді. Баспақ (Күзге қарайғы бұзауды кей жерде осылай атайды). Тайынша (Екі жасқа келгені); құнажын (екі жастан төл беретіні). Екі жастан асқан еркегін, тарттырылса өгіз, тарттырылмаса бұқа дейді. Өгізге туған күн бұзауға да туады деген осыдан шыққан. Өгіздей болып (үп-үлкен бола тұрып); өгіз сияқты деп айдалады. Өгіздей күші бар (күшті, қарулы деген мағынада). Өгіздей өкірді (үлкен кісінің қайғы-құсада қатты жылауы); өгіз олжа, өгіз сыбаға (мол сыбаға) мағынасында жұмсалады. Байқап отырғанымыздай, тұрақты сөз тіркестер көбіне үлкен, күшті, қарулы мағыналарында қолданылады [1, 285 б.].

Кой, Козу, Кози/Қой, Ешкі жазба ескерткіштер тілінде берілген формаларда кездеседі. Төрт түліктің бірі- қой малы. Қойлар жуастықтың, момындықтың, бейбіт жағдайдың баламасы ретінде алынып, тілде осы мағыналарды білдіретін көп-көп сөз тіркестері жасалған: Қой баласын сүйеді қоңырым деп, Еш нәрсені білмеген момыным деп. Осыдан келіп, адам момынын: қойдан қоңыр, жылқыдан торы бәкең; қой аузынан шөп алмайды деп айтады. Ал қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған; қойы өрісте түнеген; жатып қалған тоқты жайылып мың қой болған жұрт бейбіт өмірді, бейбіт елді, құт мекенді айтқан [1, 285 б.]. Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» ескерткішінде қой малы 4 бәйітте болса, Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» жазба ескерткішінде 11 бәйіт жолдарында**«кой»**, 14 бәйіт жолдарында **«кози»** түрінде кездеседі.

Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» атты еңбегінде мынажолдарда кездеседі.

«Құтты білікте»: “ *ilin itti tüzdi bayudı budun böri koy bile suvladı ol ödün*”[6, 559 б.].

Қазақ тілінде: «Тәртіп орнап, жұрт байыды, біліс Бөрі мен қой бірге тұрып су ішті»[8, 83 б.]. **«Диуани лұғат-ит-түрікте»:** “*koy etleldi* ” [4, 385 б.] **Қазақ тілінде:** «Қой етке сойылды» [9, 384 б.] сияқты мысалдарды келтіруге болады.

Қой жасына қарай: *Ұрғашы қой* (төлдейтін қой); *Саулық қой* (сауылатын, көбіне бес жастан асқан қой). «Диуани лұғат ит-түрк» жазба ескерткішінде қойдың жынысына

байланысты аналық қойдың атауы-*saylık* [4, 531 б.]деп берілсе, ал аталығы болса *koçnar* [4, 509 б.], *koç*[4, 380 б.] деп берілген; Дөнен қой (Төрт жастағы қой); Құнан қой (Үш жастағы қой); Тұсақ (Екінші көктемге шыққан былтырғы қозы). Кебе, кебе қозы, көпей, көрпеш, көбеген (Ерте туған қозы). Байдың ұлы көрпелдес, балаңқы тартады. Айдап жүрген малдан соң; Базарбайдың төлеген, Ерте туған көбеген. Осылармен қабат бағлан, марқа, сырбаз қозы-«жетілген, піскен» деген мағынада қолданылады. Қозы (Қой төлінің тоқты болғанға дейінгі атауы). Қозым, қоңыр қозым, қошақаным десе, тату балаларды егіз қозыдай дейді [1, 285 б.]

«Диуани лұғат-ит түрк», «Құтты білік» ХІ ғасыр түрік кезеңінің ерекше шығармалары болып табылады. Бұл шығармалар түркі жұртының сол дәуірдің, тіпті қазірге дейін жалғасқан сөздік қорын көрсету тұрғысынан өте маңызды еңбектер болып табылады. Бұл еңбектер түркі мәдениетін көрсететін және де өмір туралы барлық мәліметтерді табуға болатын ерекше сөздіктер болып табылады. Орта Азияның мәдени өмірін бейнелейтін сөздіктерде жануарлар туралы мақал-мәтелдер жиі айтылады.

«Малы бардың - жаны бар», «Елдің көркі - мал» сияқты, халық нақыл сөздерінен - ақ қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде, сонымен қатар зерттеу нысанымыздағы сөздіктерді қарастыра отырып төрт түлік малдың ерекше орын алатынын түсінуге болады. Бабаларымыз төрт түлікке ерекше көңіл бөлген. Ас - ауқаты, киімі, көлігі, қымызы – ем, байлығы болғандықтан, қазақ үшін осы төрт түлік мал аса қымбатты дүние болғаны барлығымызға мәлім. Малдың сүтін ішіп, етін жеп, терісінен тон илеп, жүнінен киім тоқыған қазақтарда төрт түлік атаулары жетіп артылады. Негізгі өмірі мал шаруашылығымен тікелей байланысты болған қазақ халқы үшін төрт түлік малдың орны ерекше. Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» және Жүсіп Баласағұнидың «Құтты білік» шығармалары тілін антропоэзектік тұрғыдан саралап, орта ғасырлық түркілердің дүниетанымы мен болмысын танытатын тілдік бірліктердің этномәдени мазмұнын ашу, халықтың жадында сақталып бүгінгі күнге жеткен салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілік, мәдениетін сипаттайтын тілдік бірліктердің этнолингвотанымдық мазмұнын анықтау маңызды міндеттердің қатарына жатқызамыз.

Мақала жазу аясында орта ғасыр жазба ескерткіштер тілінде төрт түлік мал атауларының өзгермей, сол қалпында қолданылатындығы қуантады. Бізге жеткен асыл, орта ғасырлық, түркі жұртының мақтан етерлік шығармаларының әр тақырыпта зерттелуі және жариялануы керек деген ойдамыз. Қазақ тілінде не болмаса түрік тілінде тек жазылуы ғана емес, сонымен қатар сөздікте берілгендей анықтама немесе мақал- мәтелдерде төрт түлік атауларының кездесуі «жалпытүркілік этнолингвомәдени мазмұнға ие» деген мағынаны береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.- Алматы:ҚазАқпарат,-356 б.
2. А.Қ.Егеубай. Махмұт Қашқари Түрік сөздігі / аударған– Алматы: Хант, 1998.– Т.3 – 597 б.
3. Қайдаров Ә.Т., Өмірбекова Б., Ахтамбердиева З.Т. Түртүстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.
4. Atalay B. Dıvanü lıcat-it-türk tercümesi. Türk Tarih Kurumu Basımevi. Ankara,1985. – 512 s.
5. Егеубаев А.Қ. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. –Алматы, 1997. «Хант» баспасы –ІІІ т. – 422 б.
6. Arat R.R. Türk Tarih Kurumu Basımevi. –Ankara, 1959. – 289 s.
7. Жануарлар әлемінің үлкен атласы. Алматыкітап 2002.
8. Егеубаев А. Құтты білік. –Алматы, 1986. 616 б.
9. Егеубаев А.Қ. Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. –Алматы, 1997. «Хант» баспасы –ІІІ
10. Егеубаев А. Құтты білік. – Алматы, 1993. –536 б.